## Қазақстан-француз экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының алтыншы мәжілісінің хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы (Париж қаласы, 2004 жылғы 10 наурыз)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 185-ө өкімі

2004 жылғы 10 наурызда Париж қаласында өткізілген Қазақстан-француз экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының алтыншы мәжілісінің барысында қол жеткізілген уағдаластықты іске асыру және қазақстан-француз ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан-француз экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының алтыншы мәжілісінің хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (Париж қаласы, 2004 жылғы 10 наурыз) (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Жоспардың орындалу барысы туралы кемінде тоқсанына бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 21 маусымдағы
N 185 өкімімен
бекітілген

## Қазақстан-француз экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының алтыншы мәжілісінің хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары
## (Париж қаласы, 2004 жылғы 10 наурыз)

| N р/с | Іс-шараның атауы | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 1 | ANVAR француз агенттігі. мен (Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндірісте қолдану жөніндегі ұлттық агенттік) ғылыми-техника. лық, индустриалдық және коммерциялық байланыстар. ды құру мен дамыту және ақпарат алмасу саласында. ғы ынтымақтастық мәселе. сін пысықтау | 2004 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Индустрия және сауда министрлігі, "Ұлттық инновациялық қор" АҚ (келісім бойынша) |
| 2 | "Ұлттық инновациялық қор" АҚ және француз компания. ларымен: Венчурлік капи. талдың Мемлекеттік Қоры (Fonds Public pour le Capital Risque), BEI-CDC венчурлік капитал қоры (Fonds BEI-CDC Public pour le Capital Risque), венчурлік капиталды пайдалануға ықпал ету қоры арасындағы венчурлік қаржыландыру саласында тәжірибе алмасу мәселесін пысықтау | 2004 жыл бойы | "Ұлттық инновациялық қор" АҚ (келісім бойынша) |
| 3 | "Стейн Хертей" компания. сының Қостанай қаласында шыны зауытының құрылысын салуға қатысу мәселесін қарастыру | 2004 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Индустрия және сауда министрлігі, "Қазақстанның инвестициялық қоры" АҚ (келісім бойынша) |
| 4 | Ет-сүт, астық өнімдерін терең қайта өңдеу; ауыл шаруашылық жануарларының тектік қорын жақсарту және ирригациялық жүйе. | 2004 жылғы II жартыжылдық | Қазақстан Республика. сының Ауыл шаруа. шылығы министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | лерді басқаруды жетілдіру саласында француз және қазақстан кәсіпорындары. ның ынтымақтастық мүмкін. дігін пысықтау | | |
| 5 | Астана - Париж бағыты бойынша тікелей әуе қатынасын ашу мәселесін пысықтау; Қазақстан тарабы ұсынған Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы ара. сындағы әуе қатынасы туралы келісімнің жобасы бойынша француз тарабының ескертулерін қарау және қажет болған жағдайда келіссөздер өткізу | 2004 жылғы II жартыжылдық | Қазақстан Республика. сының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Эйр Астана" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 6 | Жабдықтау және жаңғырту жөніндегі бірқатар жоба. ларға мүдделілік танытқан "Талес" және "Сажем" компанияларының ұсыныс. тарын қарау | 2004 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақ. стан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| 7 | "Транс Лор" компаниясы іске асыратын Алматы қаласындағы трамвай желісі құрылысының жобасын қаржы. ландыру туралы мәселені пысықтау | 2004 жылғы II жартыжылдық | Алматы қаласының әкімдігі |
| 8 | Телекоммуникация секторын ырықтандыру саласындағы практикалық тәжірибені зерттеу | 2004 жыл бойы | "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша) |
| 9 | Француз тарабының оқыту семинарларын өткізу арқылы модельді бизнес саласын. дағы ынтымақтастық мүмкіндігін пысықтау | 2004 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Екі жақты институционалдық және әкімшілік ынтымақтас. тықты дамыту үшін маңызды сала болып табылатын бәсе. келестік саясат саласын. дағы атап айтқанда, мемле. кеттік қызметшілерді кәсіби даярлау мен заңна. малық және нормативтік актілерді дайындау мәселе. леріндегі ынтымақтастық мүмкіндігін пысықтау | 2004 жыл бойы | Қазақстан Республика. сының Табиғи монопо. лияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі |
| 11 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Респу. бликасы Үкіметінің арасын. дағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою мәселесін пысықтау | 2004 жылғы II жартыжылдық | Қазақстан Республика. сының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |
| 12 | "Экономикалық ынтымақтас. тық жөніндегі қазақстан - француз үкіметаралық жұмыс тобы" деген атауды "Экономикалық ынтымақтас. тық жөніндегі қазақстан - француз үкіметаралық комиссиясы" деп өзгерту мәселесін қарастыру | 2004 жылғы II жартыжылдық | Қазақстан Республика. сының Сыртқы істер министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК